DESKTOP Internal Drive

Орнату бойынша нұсқаулық

Seagate Desktop орнату нұсқаулығы

© 2013 Seagate Technology LLC. Барлық құқықтар қорғалған. Seagate, Seagate Technology, Wave логотипі және FreeAgent — Seagate Technology LLC компаниясының немесе оның бір филиалының сауда белгілері не тіркелген сауда белгілері. Барлық басқа сауда белгілері мен тіркелген сауда белгілері өз иелерінің меншігі болып табылады. Қатты диск сыйымдылығын көрсету кезінде бір гигабайт, немесе ГБ, бір миллиард байтқа, ал бір терабайт, немесе ТБ, мың миллиард байтқа тең. Сонымен қатар сыйымдылықтың белгілі бір бөлігі пішімдеуге және басқа функцияларға пайдаланылады, сондықтан көрсетілген сыйымдылықтың барлығы деректерді сақтауға қолжетімді емес. Мысалдардағы сандар көрнекілік үшін келтірілген. Нақты сандар файл өлшемін, файл пішімін, қолдану ерекшеліктерін және пайдаланылатын қолданбаны қоса алғанда, әртүрлі факторларға байланысты айтарлықтай өзгереді. Seagate компаниясы өнім ұсынысы мен олардың сипаттамаларын алдын ала ескертусіз өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

Seagate Technology LLC 10200 S. De
Anza Boulevard Cupertino, CA 95014
U.S.A. (АҚШ)

Жинақтағышты компьютерге орнату

Осы нұсқаулықта көрсетілген рәсімдерді орындамас бұрын, жаңа жинақтағышты компьютерге «Қысқаша пайдаланушы нұсқаулығының» басылған нұсқасындағы нұсқаулар бойынша орнатыңыз.

Жинақтағышты компьютердің дұрыс танитынын тексеру

Жаңа жинақтағышты орнатқаннан кейін компьютерді қосыңыз. Егер жаңа жинақтағыш тікелей аналық тақтаға қосылған және жүктеу кезінде автоматты түрде анықталмаса, SATA порттарын қосу үшін BIOS параметрлерін баптау бағдарламасын іске қосу қажет болуы мүмкін. Баптау бағдарламасына кіру үшін әдетте жүктеу кезінде DEL, ESC немесе F2 пернелерін басу керек.

Жүйенің BIOS-ында SATA порттарын қосу үшін аналық тақтамен немесе компьютермен бірге берілетін құжаттаманы қараңыз.

Егер жаңа жинақтағыш қосымша SATA тақтасына қосылса, дискіні тану үшін BIOS параметрлерін баптаудың қажеті жоқ. Мұндай қосымша тақталар компьютер іске қосылғанда дискіні автоматты түрде анықтайды.

SATA хост драйверлері

Барлық SATA хосттары 48 разрядты адрестеуі бар BIOS-ты қолдайды және қатты дискіні операциялық жүйе тануы үшін арнайы драйверлерді қажет етеді. Орнату кезінде операциялық жүйе үлкен көлемді жадқа арналған драйверлерді сұрайды.

Драйверлер әдетте орнату компакт-дискісінде немесе жүйені, аналық тақтаны немесе қосымша SATA тақтасын өндірушінің веб-сайтында болады. Орнату кезінде драйверлер нұсқасының операциялық жүйе талаптарына сәйкес келетінін тексеріңіз.

DiscWizard

DiscWizard бағдарламасы Macintosh компьютерлерімен үйлесімсіз.

МАҢЫЗДЫ! Сыйымдылығы үлкен бұл диск үшін диск сыйымдылығының 2 ТБ-тан асатын бөлігіне қол жеткізу үшін Windows жүйесіне арнайы құрылғы драйвері қажет болуы мүмкін. Толық орнату нұсқаулары http://www.seagate.com/beyond-2TB веб-сайтында орналасқан. DiscWizard™ бағдарламалық жасақтамасында екінші бөлім жасауға және 2 ТБ-тан асатын сыйымдылықты пайдалануға мүмкіндік беретін құрылғы драйверлері бар.

Өзгерістер енгізбес бұрын маңызды деректердің сақтық көшірмесін әрдайым жасаңыз.

Орнату параметрлерін таңдау

- Жаңа жинақтағышты Windows жүйесіндегі жалғыз жинақтағыш ретінде орнатыңыз.

  Егер компьютерде жұмыс істейтін қатты диск болмаса немесе бұл жаңа жүйе болса, 4-беттегі жалғыз құрылғыны орнату нұсқауларын қараңыз.

- Жаңа жинақтағышты Windows жүйесінде деректерді сақтайтын қосымша құрылғы ретінде орнату 4-бетте сипатталған.

- Windows жүйесінің ескі жүктеу жинақтағышын жаңа жинақтағышқа клондау 5-бетте сипатталған.

- Жаңа жинақтағышты Mac компьютерінде деректерді сақтайтын қосымша құрылғы ретінде орнату 7-бетте сипатталған.

Жалғыз жинақтағышты орнату (Windows)


Жұмысты бастамас бұрын: бұл үшін DiscWizard бағдарламасы қажет емес. Windows XP операциялық жүйесіне кірістірілген аналық тақталар мен SATA хост-адаптерінің қосымша тақталары үшін SATA хост драйверлері қажет, олар иілгіш дискілерге арналған диск жетегінен (дискеттен) жүктеледі. Бұл SATA драйверлері әдетте аналық тақтамен немесе қосымша SATA хост-адаптерімен бірге берілетін компакт-дискіде болады. Драйверлерді орнатпас бұрын оларды дискетке көшіріңіз. Windows Vista SATA хост драйверлерін тікелей компакт-дискіден орнатуға мүмкіндік береді.

1. Жүйені Windows 8/7/Vista немесе XP компакт-дискісінен жүктеңіз. Егер Windows компакт-дискісінен жүктеу мүмкін болмаса, BIOS-тағы жүктеу ретін өзгертіп көруге болады.
2. Windows үшінші өндірушінің SCSI немесе RAID драйверін орнатуды ұсынғанда, F6 пернесін, содан кейін қосымша құрылғыларды таңдау үшін S пернесін басыңыз.
3. SATA драйвері бар дискетті немесе компакт-дискіні салып, Enter пернесін басыңыз.
4. Windows жүйесін орнатуды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қосымша сақтау құрылғысын орнату (Windows)

ЕСКЕРТУ. Бұл нұсқаулар сізде жүктеу үшін пайдалануды жалғастыратын бір SATA диск бар екенін, ал жаңа Seagate SATA дискісін деректерді сақтайтын қосымша құрылғы ретінде және өнімділікті арттыру үшін қосатыныңызды болжайды.

1. Windows 8/7/Vista немесе XP жүйесін жүктеңіз.
2. DiscWizard бағдарламасын орнатыңыз.
3. Жинақтағышты пішімдеу үшін Add New Disc (Жаңа дискіні қосу) функциясын таңдаңыз.



ЕСКЕРТУ. Пішімдеуді басқару тақтасындағы дискілерді басқару бағдарламасы арқылы да орындауға болады. Қосымша мәліметтерді компакт-дискідегі бағдарлама құжаттамасынан табуға болады. ия

Windows жүктеу жинақтағышын жаңа жинақтағышқа клондау

1. Windows 8/7/Vista немесе XP жүйесін жүктеңіз.
2. DiscWizard бағдарламасын орнатыңыз.
3. Clone Disc (Дискіні клондау) функциясын таңдап, Next (Келесі) батырмасын басыңыз.



4. Automatic (Автоматты) (әдепкі бойынша) параметрін таңдап, Next (Келесі) батырмасын басыңыз.
5. Бастапқы жинақтағышты бөлектеп, Next (Келесі) батырмасын басыңыз.
6. Мақсатты жинақтағышты таңдап, Next (Келесі) батырмасын басыңыз.
7. Параметрлерді тексеріп, Next (Келесі) батырмасын басыңыз.
8. Қайта жүктеңіз.

   Қайта жүктегеннен кейін дискіні клондау рәсімі деректеріңізді көшіруді бастайды. Экрандағы нұсқауларды орындап, деректерді көшіру аяқталғаннан кейін компьютерді өшіріңіз.

   Windows Vista жүйесін пайдаланушыларға түпнұсқалықты тексеру рәсімінен өту үшін операциялық жүйесі бар диск қажет болады.

   МАҢЫЗДЫ! Компьютерді өшіргеннен кейін қуат кәбілі мен деректер кәбілін бастапқы жүктеу жинақтағышынан ажыратып, компьютерді қайта қосыңыз. Осыдан кейін жүйе жаңа жинақтағыштан жүктеледі.

Жаңа жинақтағышты жүктелетін ету жолы

ЕСКЕРТУ. Жүйе клондаудан кейін әдепкі бойынша түпнұсқа жүктеу жинақтағышынан жүктеуге тырысады. Егер клондаудан кейін ескі жинақтағышты қайта пайдалануды жоспарласаңыз, BIOS-тағы жүктеу ретін өзгерту қажет болуы мүмкін.

1. Windows клондалған жинақтағыштан жүктелгенше күтіп, барлық файлдардың тиісінше көшірілгеніне көз жеткізіңіз.

2. Компьютерді қайта жүктеп, жүктеу кезінде ESC, DEL немесе F2 пернесін басу арқылы BIOS параметрлерін баптау бағдарламасына кіріңіз.
3. Жүйе параметрлерінде жүктеуді жаңа SATA жинақтағышыңыздан орындайтындай етіп жүктеу ретін өзгертіңіз. Егер қосымша SATA тақтасы болса, жүктеу басымдығын өзгерту қажет болуы мүмкін: алдымен SCSI немесе сыртқы жүктеледі. Қажет болса, жүйе құжаттамасын қараңыз.

Қосымша сақтау құрылғысын орнату (Mac)

ЕСКЕРТУ. Бұл нұсқаулар сізде жүктеу үшін пайдалануды жалғастыратын бір SATA жинақтағышы бар екенін, ал жаңа Seagate SATA жинақтағышын Mac компьютеріңізге деректерді сақтайтын қосымша құрылғы ретінде және өнімділікті арттыру үшін қосатыныңызды болжайды. Егер ескі жинақтағыштың бейнесін жаңа Seagate жинақтағышында жасап, оны жүктелетін ету қажет болса, Apple Disk Utility бағдарламасының анықтама файлдарын қараңыз немесе Apple қолдау веб-сайтына кіріңіз.

1. Жинақтағышты Mac өнімінің нұсқаулығында сипатталғандай орнатыңыз. Бекіту бұрамалары мен кәбілдер Mac компьютеріңізбен бірге берілуі тиіс.
2. Apple үстел компьютерін жүктеңіз.
3. Жүйе жинақтағышты автоматты түрде таниды және компьютер салынған жинақтағышты оқи алмайтыны туралы хабарлама көрсетуі тиіс. Apple Disk Utility бағдарламасының терезесін ашу үшін Initialize (Бастапқы қалыпқа келтіру) параметрін таңдаңыз.
4. Жаңа томды таңдап, Partition (Бөлім) батырмасын басыңыз.
5. Volume Scheme (Том схемасы) тармағының астындағы ашылмалы мәзірді басып, Partition (Бөлім) опциясын таңдаңыз.
6. Томға ат беріп, әдепкі бойынша Mac OS Extended (journaled) (журналдауы бар Mac OS Extended) пішімі көрсетілгеніне көз жеткізіңіз, содан кейін Partition (Бөлім) параметрін таңдаңыз.
7. Бөлім туралы ескерту пайда болады. Таңдауыңызды тексеріп, пішімдеуді аяқтау үшін Partition (Бөлім) батырмасын басыңыз.
8. Пішімдеу аяқталғаннан кейін том үстел компьютеріңізде орнатылады және деректерді бірден сақтауға дайын болады.

Көмекке жүгіну

Seagate компаниясы өз веб-сайтындағы ақпаратты үнемі жаңартып отырады. Соңғы оқу материалдары, жиі қойылатын сұрақтар, сондай-ақ ақауларды іздеу және жою туралы мақалалар орналасқан http://www.seagate.com/support бетіне кіріңіз.

Seagate қолдау қызметіне жүгінбес бұрын тасымалдағышыңыздың сериялық нөмірі мен үлгі нөмірін дайындап қойыңыз. Бұл нөмірлер Seagate қолдау қызметіне жүгіну, тасымалдағышты тіркеу және Seagate веб-сайтынан ақпарат іздеу кезінде пайдаланылады.

Seagate компаниясының веб-сайтында төменде толығырақ сипатталған қолдау туралы соңғы және жан-жақты ақпаратты алуға болады.

- Білім қоры: туындайтын мәселелерді шешу, жиі қойылатын сұрақтар және техникалық ақпарат туралы мәліметтер.
- Бағдарламалық жасақтаманы жүктеу: орнату бағдарламалық жасақтамасы, қызметтік және диагностикалық бағдарламалар.
- Өнім туралы ақпарат: Seagate компаниясының қазіргі және ескірген өнімдері.
- Кепілдік қызмет көрсету: жинақтағышты қайтару (өнімді қайтаруға рұқсат (RMA)), кепілдік күйі, шектеулі кепілдік туралы мәлімдеме.
- Өнімді қолдау: орнату бойынша оқу құралдары, техникалық деректер, секіргіштерді орнату, орнату нұсқаулықтары, өнім нұсқаулықтары.